



ТӨРТ АЙДЫҢ ЕСЕБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадм Сәтқалиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» қорының биылғы төрт айда атқарған жұмыстарының қорытындысы жөнінде есеп берілді. Қордың өндірістік, қаржылық көрсеткіштері мен осы жылға арналған болжамдары туралы баяндалды. Берілген мәліметтерге сәйкес «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы қазіргі уақытта жоспарланған нәтижеге қол жеткізген.

Алмасадм Сәтқалиев Мемлекет басшысына маңызды инвестициялық жобалардың іске асырылуы барысы, ірі инфрақұрылымдық нысандарға жүргізілген жөндеу жұмыстары, сондай-ақ Қорға қарасты портфельді компаниялардың IPO-ға дайындығы жөнінде баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫ ҰСЫНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына өмірлерде атқарылып жатқан жұмыстар туралы, Президенттің бастамалары мен саяси реформаларын халықтың кеңінен талқылап жатқаны туралы мәлімет берілді.

Бердібек Сапарбаев өзі қызмет атқарған Жамбыл облысында орындалып жатқан Президент тапсырмаларының нәтижелерін кеңінен баяндады. Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға, қоғамның ынтымағы мен бірлігін нығайтуға бағытталған «Асар», «Туған жерге тағзым», «Жомарт түлек» және «Бейбітшілік пен келісім» атты жобалар жайлы айтылды. Сонымен қатар Жамбыл өңірінде жүзеге асырылған пилоттық жоба туралы мәлімет берілді. Бұл бастамалар әрбір отбасының өзін-өзі асырауына жағдай жасауға негізделген.

Бердібек Сапарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа қуанышты жағдайында ауыл шаруашылығын әлсіретіп алмай, одан әрі дамыту жөнінде, сондай-ақ жергілікті билік пен ата-аналардың бірлесіп отырып, балалардың еңбекке баулу ісін қолға алу туралы ұсыныстарын айтты.

Кездесу барысында жастар арасындағы жұмыссыздықты шешу мәселесі де талқыланды.

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

31 мамыр, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● САПАР

ЖАҢАШЫЛДЫҚ – АЛҒА БАСУДЫҢ АЙҒАҒЫ



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Кеше Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді. Министр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге алдымен «ҚазАгроМир» ЖШС-да болып, жылыжай кешенінің жұмысымен танысты.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМДІ КӨБЕЙТУДЕ ЖІГЕРЛІ ЕҢБЕК БАР

Аталған кешен 2020 жылдан бері жұмыс істейді. Басты мақсат – ішкі нарықты көкөніс өнімдерімен қамту әрі табыс көлемін арттыру. Құны 1,1 млрд теңгені құрайтын жобаның артықшылығы, өз өнімін облысқа ғана емес, көрші Ақтөбе мен Ресейдің кейбір аймақтарына экспорттауда.

– Жылыжай испандық технологиямен жабдықталған. Барлық аумағы 2,2 гектарды құрайды. Қиярдың голландиялық сортын өсірудеміз. Бір күнде 7 мен 9 тонна аралығында өнім жиналады. Ал биылдан бастап қызынақ еге бастадық. Нәтижесі ойдағыдай. Мұнда көкөністерге күтім жасайтын жұмысшылар мен операторлар жергілікті тұрғындар. Барлығы 30 адам тұрақты жұмыс істеуде. Бір қуанаарлығы, жергілікті жерде бағаны тұрақтандыруда біздің өнімнің үлесі

көп, – дейді серіктестіктің қаржы жөніндегі директоры Арман Нығматов. Облыс әкімі аймақта жергілікті өнімдер қорын көбейтуге ерекше басымдық берілгенін және әрбір ауылдың географиялық ерекшелігіне қарай бақша өсі жұмыстары қолға алынғанын айтты. Маусымдық кезеңде көкөніс өнімдеріне деген бағаны тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте министр аграрлық саладағы жобаларды көбейту нарық бағасына тікелей әсер ететінін, осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіруге мән беру қажет екенін тілге тиек етті.

Мұнан соң арнайы делегация қалаға қарасты Қосшынырау ауылдық округіне барды. Елді мекен

тұрғындарымен кездесуде олардың талап-тілектеріне назар аударылып, өтініштері тыңдалды.

Ауылдық округке екі елді мекен – Абай және Досан ауылы кіреді. Барлығы 3 жарым мыңға жуық тұрғын бар.

– Ауылдағы ең негізгі мәселе – газ тарту. Ауыл халқының басты өтініші де осы. Жобаның құны 685 млн теңгеден астам қаржыны құрап отыр. Бүгінде жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынды. Қаржыландыру мақсатында бюджетке өтінім де беріліп қойды. Алдағы уақытта бұл мәселе шешімін табады деген үміттеміз, – дейді ауылдық округ әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

Министрдің сөзінше, газдандыру жұмыстары тоқтамайды, қаржы мәселесінде кедергі болмауы керек.

Тіректі елді мекендер қатарына жататын Ақжарма ауылында биыл ауқымды жұмыстар жүзде. Соның бірі – мемлекеттік «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы. Үлкен көлемде егін шаруашылығымен айналысатын елді мекенде биыл бес көше жөнделіп, асфальт төселген. Жоба құны 210 млн теңгеден асады. Министр арнайы барған ауылда мұнан өзге де жағымды жаңалық көп. Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев келген делегацияға бағдарлама аясында жүргізілген ауыл көшелерін жөндеу жұмыстарын таныстырып өтті.

– Бағдарламаның тиімділігі сол, тіректі елді мекендердің көп мәселелерін шешіп беруде. Мысалы, бытыр аудан орталығы – Терөзек кентіндегі орталық стадионға және А.Иманов көшесіне күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ осы Ақжарма елді мекеніндегі кейбір көшелер орташа жөндеуден өтіп, түнгі шамдармен жарықтандырылды. Ал биыл аталған бағдарлама шеңберінде Ақжармадағы бес көше жөндеді. Олар – Өуленов, Ысқақов, Балапанов, Омаров, Садық ахун атындағы ауылшұшық көшелер. Негізгі жұмыстар шілде айында аяқталуы тиіс болатын, бірақ қазір жол құрылыс уақытынан бұрын бітіп отыр, – деді аудан әкімі.

2-бет

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Сыр өңірінде ұлт әдебиетінің абызы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовті еске алып, жазушы шығармашылығының идеясы мен мазмұнын насихаттау мақсатында «Әбдіжәміл Нұрпейісов – заманымыздың заңғар жазушысы» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

С.б. Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Заманның заңғар жазушысы

Конференцияның ашылуында сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жазушының рухани мол мұрасы мен құнды туындылары бүгінгі ұрпақтың рухын көтеріп, тәуелсіз қазақ елінің баянды болашағына қызмет ете беретінін атап өтті.

– Тарихы терең, топырағы кенен Сыр елі – ұлттың бағына туған талай дарынды тербеткен өңір. Тереңнен тамыр тартып, сөзден маржан терген осындай ұлылар даласынан қазақ руханиятының қаншама қабырғалы қайраткерлері түлеп ұшты. Солардың бірі де бірегей, қазақ елінің, қасиетті Сырдың руханиятына, әлемдік ақыл-ойдың бай қазынасына өлшеусіз үлес қосқан классик жазушы, елінің Әбесі болған даразобұлға, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері, қазіргі қазақ әдебиетінің абызы Ә.Нұрпейісов туған жерінің тағдырлы мәселесін жаһандық деңгейге жеткізіп, оқырман қауымының шексіз ықыласына иеленді. Көрнекті жазушының «Қан мен тер» трилогиясы, «Құрландия», «Соңғы парыз» туындылары – күллі қазақ әдебиетінің табысы.

2-бет

● 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

«Адамның бір қызығы – бала деген...»



Ертең – Балаларды қорғау күні.

Халықаралық деңгейдегі атаулы күннің тарихы 1949 жылдан басталады. Осы күні қылығы балдай, талабы таудай балапандарға әдеттегіден артығырақ көңіл бөлуге ден қоямыз. Олардың тәтті армандарын тыңдап, қиялындағы әлемі әлемге бірге самғаймыз.

Балаларды бір күн ғана емес, кірпік қақпай қорғау керек екенін күнделікті өмірдегі оқиғалар дәлелден отыр. Дүниеге шығу етіп келген нәресте алдымен анасының, өсе келе айналасының, қоғамның қолдауына мұқтаж. Сондықтан оларды от пен судан, қауіп пен қатерден жыл он екі ай, жиырма төрт сағат бойы қорғау – үлкендердің парызы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Жаңабылдық құттықтауында «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін» деген еді.

Бүгінде облыстағы 677 мектепке дейінгі ұйымда (162 мемлекеттік, 439 жекеменшік, 76 шағын орталық) 60 мыңға жуық бала тәрбиеленуде.

322 мектептің 295-і мемлекеттік және 16-сы жеке, 8-і кешкі мектеп, 3 арнайы түзету интернаты жұмыс жасауда. Оқушы саны – 176 771.

Өңірде «Балалар жылы» аясында қаңтар мен мамыр айлары аралығында түрлі форматтағы 378 шара ұйымдастырылып, оған 116 мыңнан аса бала қатысты. Атаулы жыл аясында Қызылорда қаласында аутизм орталығы және білім беру ұйымдары жанынан 4 инклюзивтік кабинет пен 4 логопункт пайдалануға берілді.

Жыл соңына дейін бірнеше нысан балалар игілігіне берілімек. Атап айтқанда, Қызылорда қаласында 6 мектеп, 2 қосымша білім беру орталығы, 1 балабақша, Оқушылар үйі және Өнер мектебі, Арал ауданаралық ауруханасы базасында 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталығы, көпбейінді облыстық балалар ауруханасында 2-14 жас аралығындағы балаларға арналған оңалту орталығы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында 28 инклюзивтік кабинет, 2 ресурстық орталық және 47 логопункт ашылды. Жергілікті бюджеттен бөлінген 3,3 млрд теңгеге әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар тегін мектеп формасымен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Жыл соңына дейін атаулы жыл аясында жоспарға сәйкес 400-ден аса ірі көлемді іс-шара өткізіліп, 165 мыңнан астам бала қамтылмақ.

2-бет

● САПАР

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Сейбі күні ҚР Энергетика министрі Болат Ақшоләков жұмыс сапарымен Сыр өліне келді. Облыс әкімінің елді мекендерінің қатысуымен мұнай-газ саласын дамыту мәселесіне арналған жиын өтті. Оған орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, мұнай өндіруші және сервистік компания мен коммуналдық кәсіпорындар жетекшілері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі мұнай сервис саласындағы жұмыстар мен қызметтердің тарифтері және саладағы өзекті мәселелер туралы мәлімдеді.

МҰНАЙ-ГАЗ: ПЫСЫҚТАЛАТЫН МӘСЕЛЕ КӨП

– Аймақ экономикасының негізін мұнай-газ саласы құрайды. Дегенмен, қазіргі таңда белгілі себептерге байланысты бұл саланың дамуы төмендеуде. Ол өз кезегінде экономикалық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Облыста шешуді талап ететін бірқатар проблемалық мәселелер бар. Атап айтқанда, облыс аумағында перспективалы және мұнайлы-газды үш шөгінді бассейні орналасқан. Қазіргі таңда екі бассейнде геологиялық зерттеулер жүргізу мәселесі шешімін тапты. Бірақ Сырдария бассейні бойынша жобалық құжаттар дайындалғанымен, қаражат бөлу мәселесі шешілген жоқ.

Сондай-ақ, мұнай өндіру көлемін арттыру үшін өндіру және барлау ұңғымаларының тереңдігін 3 мың метрден астам тереңдікке



ұзарту қажет. Бұл шаралар өндірілетін мұнай көлемін 1,5 есеге, ал жобалық мұнай беруді шамамен 50%-ке арттыруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сонымен бірге мұнай экспортына квотаны ұлғайтуды және мұнай-сервистік компаниялардың қызмет бағаларын индекстеуді ұсынды. Оған қоса аймақтағы уран өндіретін «РУ-6» ЖШС-ның келісім-шартын ұзарту қажеттігін айтты.

– Қазақстан 2014 жылы Ресей мұнайынан бас тартқаннан облыстың жер қойнауын пайдаланушыларына ішкі нарыққа мұнай жеткізу бойынша жүктеме артты. Сонымен қатар, «Кенкияқ

Атырау» реверс жобасы іске қосылды. Алайда, біздің өңір үшін мұнай экспортына квотаның айтарлықтай өсуі байқалмайды. Оған қоса облыста мұнай-сервис саласындағы жұмыстар мен қызметтердің тарифтері республика бойынша ең төменгі деңгейде.

Мысалға, Манғыстау облысында 1 бригаданың сервистік қызмет көрсету тарифі сағатына 90 мың теңге, ал біздің өңірде 27 мың теңгені құрайды. Тарифтер іс жүзінде өзгерген жоқ және соңғы 10 жыл ішінде индекстелмеген. Ал «РУ-6» компаниясының уран кендерін өндіруге алған келісім-шартының қолданылу мерзімі биыл қараша айында аяқталуына

байланысты 18 мың тонна уран қорының өндірілмей қалу қаупі бар. Бұл жағдай шамамен 2,5 мың жұмыс орнының қысқаруына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсер етеді, – деп нақтылай түсті облыс әкімі.

ЖҮЛЫ ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢАУРЫ ТІІС

Сондай-ақ, Нұрлыбек Машбекұлы өңір үшін аса қажет жаңа жылу-электр орталығын салу және жанасын салғанға дейін қолданыстағы тозығы жеткен когенерациялық электрстанцияны қайта жаңғырту туралы ұсыныс көтерді.

2-бет



**Балалар
жылы**
2022

Айналайын

«Айналайын!»
Тең емес «қарағыммен»,
Мысалы тербелгендей дала гүлмен.
Қасиеті кеудені күн түсірер,
Сөзім бұл ең сүйікті бала күннен.

«Айналайын!»
Қалғандай сый ескіден,
Үлкенге қол бергенде жиі естігем.
Құшағын айқара ашып төске басқан,
Қазақ амандаспайды түйе үстінен.

«Айналайын!»
Сәбидің пәк кейбі,
Қандай ғажап халқымың ақ пейілі.
Сол сөзбен қаратады, танымай-ақ,
Азан шақырмай-ақ ол ат қоюы.

«Айналайын!»
Дегенде неге ермейін,
Көңіліңді қалдырсам көгермейін.
Айналас астарында бір сыр жатыр,
Кетпейін сенен жырақ дегендейін.

«Айналайын!»
Оймақтай бір ой ғана,
Жүреді жақсы адамды кім айнала?
Қазактың бұл сөзінде алалық жоқ,
Айтылатын құлға да, Құдайға да.

Ұмытасын сол сөзден мұңды мүлде,
Күліп жалғап кетесің күнді күнге.
Айналада тұрады шуақ қана,
«Айналайын» деп жүрсен бір-біріне.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

«Мәзә» ағам

Оқушының көздерінше қаншама:
«Не боп кеткен мына түрің, балақай?
Қолың неге күс-күс еді соншама,
Бетің неге жағал-жағал?!» – деді апай.

Сүттен аппақ болды дейсің қай бала?!
Қолдың күсін ержеткен соң кетірдім.
Жігіт болып, қарап едім айнала,
Кірін емес, нұрын көрдім бетімнің.

Байқап тұрсам, қол-аяғым кір кезде,
Жан-дүнием судан таза болыпты-ау!
Сыртым таза, бетім жытыр бұл кезде,
Ішім әбден кір-қоқысқа толыпты-ау.

Содан болар, сырты сұлу болса да,
Жатырқайым ересектеу адамды.
Керісінше, кір-қожаалақ болса да,
Құшырланып иіскеймін баламды.

Ерженіс ӘБДИЕВ

БАҒЫ ЖАНҒАН

Облысымызда жас таланттар үйірмелері тұрақты жұмыс істейді. Бүлдіршіндер мен балаларға арналған – «Бал бала», «Ақ көгершін», «Бозторғай», «Ботакан», «Таңшолпан», мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Жүрек жылуы» секілді конкурстар көп және оларға ерекше мән беріледі. Мәселен, өнерлі балалар бағбаны болған марқұм Қаракөз Ағдаулетова мен дарынды композитор Рамазан Таймановтың мектебінен шыққан қаншама таланттың бағы жанды.

2017 жылдың тамыз айында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қ.Ақдаулетова жетекшілік жасайтын облыстық балалар студиясының 7 өнерпазы Болгария еліндегі халықаралық балалар шығармашылығына арналған екі конкурста қатысты. Балғын өнерпаздарымыз осы өнер бәйгесіндегі басқаларды құр қалдырып, сенсация жасады! Бас жүлде, 1, 2-орындар алып қайтты.

Мұнан кейін де осы Болгария мен Беларусьияда өткен «Хрустальды магнолия», Витебскідегі «Арт-парал» ән конкурстарында мәдениет саласының үздігі, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бөлім меңгерушісі Бағдауыл Есмұразаева дайындаған қызылордалық жасөспірімдер Қаракат Базарбай мен Серік Мадияр бас жүлдені жұлып алып келді. Саят Сәрсенбек 2-орын алып, Хорлан Сайн лауреат атанды.

Санкт-Петербург қаласында өткен мүмкіндігі шектеулі балалардың «Шаг навстречу» деп аталатын халықаралық шығармашылық фестиваліне №6 есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы мектеп-интернатынан 4 өнерпаз қатысып, «ым» тілінде ән айту мен халықтық орындау жанры бойынша жас ерекшеліктеріне қарай 4 талапкердің барлығы да жүлделі I орынды иеленді.



Бұл күндері Алматы қаласында Халықаралық «Бозторғай» конкурсы өтіп жатыр. Оған Қызылордадан және Қармақшы, Жалағаш аудандарынан – «Балбұлақ», «Эверест», «Тұмар» би топтары, Жаңақорғаннан қобызшылар триосы, С.Майканова мәдениет үйінен 2 термеші, «Сыр сандуғаштарынан» 5 вокалист,

т.б. барлығы 76 сырбойлық өнерпаз бала қатысуда.

Байқауға өз елімізбен бірге Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Болгария секілді елдерден мынанан астам қатысушы келіп отыр.

Біз балаларымыздың бұл жолы да базарлы оралатынына сенеміз.

«СБ» руханият бөлімі

Әліппенің жауабы

Жақында еліміздің барлық мектебінің бірінші сыныптарында Ахмет Байтұрсынұовтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» оқулығы енгізілгені мәлім. Бұл жаңалыққа әсіресе ата-аналар қатты қуанды. Осы ретте «Әліппенің әдемі жауабы» атты шағын мысал әңгімені ұсынамыз.

– Әліппе, саған жұрттың ықыласы ерекше. Ата-анасы бірінші класқа барған баласымен қосылып оқиды. Тауысқасын қошеметпен қоштасады, – деді басқа оқулықтар.

– Сабыр сақтаңыздар, – деді Әліппе жиналғандарға. – Сендердің де өз орындарың бар, қажетсіңдер. Бірақ, өздеріңді-өздерің бағаламай отырсыңдар. Дегенмен, сөздеріңнің де жаны бар. Құрмет тұтағыны рас. Тыңда түренді кім бұрын тартса, сол ел есіңде ұмытылмай ұзақ сақталады.

Жасы кіші болса да Әліппенің аталы сөзі көпшілікті қанағаттандырды.

Жеткерген ӘБДІРЕВ

ӘДІПТІЛІК

Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жатып, оқымыстыға келіп сәлем береді. Оқымысты басын одан да төменірек иіп, қайтара сәлемдеседі. Сонда қасындағы бай тұрып: – Тақсыр, осының біліміңіз бар ғалымсыз. Сөйте тұрып, бейшара келей біреуге соншалық иіліп сәлемдесуіңіздің жөні қалай? – деп сұрайды. Сонда ғалым тұрып: – Ешбір ғылым-білім үйренбеген өлкісі әдептілік көрсеткенде, мен оған әдепсіз болып көрінсем лайық па? – деген екен.

**Ыбырай
АЛТЫНСАРИН**

БАЛАНЫҢ ҚОЛЫН ХАН ДА ҚАҚПАҒАН

Бала тәрбиесін педагог-психологтар бес кезеңге бөледі.

Біріншісі – 5 жасқа дейінгі кезең. Бес жасқа дейін белсенділік, танымдық және өмірге қызығушылық секілді қасиеттер орнығады. Тыйым салып, жазғырудан гөрі бұл кезеңде баланы алдаусырату керек. Балаға жаза берудің бірден-бір себебі – олардың ессін қайтара алмауында жатыр. Егер сәбиіңіз қауіпті бір-нәрсе жасар болса, қорыққан кейіп жасап, қорыққан дауыс шығарыңыз. Бала ол тілді өте жақсы түсінеді. Баланы бес жасқа дейін басып тастар болсақ, онда біз баланың белсенділігін, өмірге деген қызығушылығын, интеллектін және иммунитетін де басып аламыз. Балаңызды уайымсыз бойұсынуға үйретіңіз.

Екінші – 5-10 жас аралығы. Бес жасан он жас аралығы – бағыну мен өмір заңдарын үйрену кезеңі. Бұл кезеңде баланың ақыл-парасаты мен логикасы белсенді түрде дамиды. Бала айналасындағы адамдардың оның жасаған істеріне қалай қарайтынын саралайтын кезеңде және ол да жағымсыз көзқарасты мейлінше байқамауы керек. Бұл кезде баланы білім алу, тапсырма беру және оларды талап етуден қорықпаныз. Егер бес жасан кейін де баланы еркеле берер болсаңыз, балаңыз ұшқалақ, жұмысқа қабілетсіз әрі рухани жұтан болып өседі.

Үшінші – 10-15 жас аралығы. Он

жасан соң балаңызбен әр мәселеде кеңесіңіз. Өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беріңіз. Егер оның шешімі ұнамаса, тікелей тыйымнан гөрі, оның соңының жақсы болмайтынын айтып түсіндіріңіз. Бұл кезде дербестік пен сананың тәу-



«Қыз Жібек» киносы есіңізде болар. Сырлыбай ханның елдік дәрежедегі үлкен мәселелерді шешіп отырып, қасындағы ойын балаларына «хан талапай» деп асық шашып жіберетін көрінісі бар.

Сонда хан бала ойынын елдік мәселелен кем көріп отырған жоқ. Бұл көрініс арқылы режиссер бізге ұлттық педагогикамызды көрсеткен.

Бала тәрбиесіне саналы түрде қадам жасау – өмірлік маңызды әрекет, аталық парыз, аналық қарыз. Бүгінде бала бақылаусыз қалып, соның нәтижесінде қауіпті, қайғылы жағдайларға да кезігіп жатады. Кешегі елордадағы сегізінші қабаттан құлап кете жаздаған «Сәбит пен сәби» оқиғасы осы айтқанымыздың бір қайырылы көрінісі.

Балаларымыз аман болсын. Ұлттың рухынан қуат алған ұрпақ өсірейік.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26086

Тапсырыс №864

Кезекші редактор **Әділжан ҰМБЕТ**